

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Әлеуметтік және тәрбие істері
жөніндегі проректор

 А.Байғұтова

« 8 » 07 2021 жыл



2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА
МӘДЕНИЕТ БӨЛІМІНІҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЕСЕБІ

Мәдениет бөлімі 2020-2021 оқу жылында жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс атқарды. Барлық көрсетілген іс-шараларды өнерпаз студенттердің шығармашылығын шындауда елеулі істер атқарылды. Әрбір мерекелік іс-шаралар мен концерттік бағдарламалар, тағы басқа жоспардан тыс өтініштер мен қызмет хаттарға байланысты іс-шараның барлығына Мәдениет бөлімі қызметкерлері толығымен атсалысып, қатысып отырды.

Университеттің мәдени іс-шаралары мен жоспардан тыс іс-шараларын ұйымдастыруда бөлім қызметкерлері толығымен жұмылдырылды. Әрбір мерекелік іс-шараларға студенттер арнайы дайындықтап өтіп, тақырыпқа сай әндерге фонограммалар жаздырып, сахнаға жіберілді. Айтыс үйірмесі, Домбыра үйірмесі, Би үйірмесінің студенттері де мерекелік концерттерде өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсете білді.

Мәдениет бөлімінде жыл бойы өткізілген мәдени іс-шараларды атап өтсек:

01.09.2019 ж. ҚР Конституциясы күніне және 1 қыркүйек – Білім күніне арналған мерекелік онлайн-концерт өтті. Ректор м.а. Гүлжан Сүгірбаева барша ұстаздар мен студенттерді Білім күнімен құттықтап, арманшыл жастарға жарқын болашақтың «алтын кілті» мен сапалы өмірдің бастамасы, білім атты дархан жолдың жолдамасы ретінде «сынақ кітапшасын» тапсырды.

04.09.2020 ж. Мәдениет бөлімінің саксофонисі – Нұржан Баймахановтың онлайн-концерті өтті. Концертті оқу ордамыздың түлегі, талантты актер – Олжас Бекбауов жүргізді. Сонымен қатар, қонақта эстрада жұлдыздары Махмуд Урумбаев пен Диана Хашимжанова, Өнер және білім факультетінің ұстазы Айман Қарсыбаева өнер көрсетті.

02.10.2020 ж. «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік» атты ұстаздар күніне арналған мерекелік онлайн-концерт өтті. Алдын-ала дайындалған бейнетүсірілім оқу ордамыздың сайтына, facebook, instagram, youtube әлеуметтік желілеріне салынды.

09.10.2020 ж. Жайдарман жұлдызы Мереке Қалбаевамен онлайн-сұхбат өтті.

28.10.2020 ж. «1-курс студенттеріне арнау» апталығы аясында факультетаралық «Ынта» әншілер онлайн-байқауы ұйымдастырылды. Бас жүлдені Өнер және білім факультетінің 2-курс студенті Аяжан Әбдүтәліп иемденді.

29.10.2020 ж. «1-курс студенттеріне арнау» апталығы аясында ҚР БЖҒМ және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен А.Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай әлемі» жалпыұлттық онлайн-студенттік өнер фестивалінің іріктеу кезеңін ұйымдастырылды. Университеттің барлық факультеттері арасынан 40-қа жуық үміткер қатысқан бұл фестивальға 5 байқау түрінен іріктеу кезеңінде Бас жүлде алған жеңімпаздар қатысатын болады.

30.10.2020 ж. «Welcome, балмұздак» 1-курс студенттеріне арнау апталығы аясында университеттегі мүмкіндіктермен онлайн таныстыру іс-шарасы өтті. Арнайы видеотүсірілім жасалды.

13.11.2020 ж. Мәдениет бөлімінің саксофонисі – Нұржан Баймахановтың онлайн-концерті instagram әлеуметтік желісінде өтті. Сонымен қатар, қонақта скрипкашы Бақтияр Гапуров өнер көрсетті.

25.11.2020 ж. ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі үшінші шақырылымының депутаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Мақтаарал, Сарыағаш аудандарының, Түркістан облысының құрметті азаматы, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Оңалбай Аяшевтың салтанатты жиыны болып өтті.

30.11.2020 Тұңғыш Президент күніне арналған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты салтанатты жиын болып өтті. Оқу ордамыздың оқу-тәрбие, ғылым саласындағы жоғары жетістіктері мен қоғамдық жұмыстарды белсенді атқарғаны үшін университеттің профессор-оқытушылары мен қызметкерлері «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне – 80 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. Бейнетүсірілім жасалып оқу ордамыздың сайтына, facebook, instagram, youtube әлеуметтік желілеріне салынды.

14.12.2020 Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік – теңдігім, егемендік – ерлігім» атты мерекелік онлайн-концертті өтті. 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздігі күніне орай оқу-тәрбие, ғылым саласындағы жоғары жетістіктері мен қоғамдық жұмыстарды белсенді атқарғаны үшін университеттің профессор-оқытушылары мен қызметкерлері «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне – 80 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. Алдын-ала дайындалған бейнетүсірілім оқу ордамыздың сайтына, facebook, youtube әлеуметтік желілеріне салынды.

30.12.2020 Жаңа жылға арналған «Жаңа жыл - жаңа өмірдің жаңа жыры» атты мерекелік онлайн-концертті өтті. Іс – шараға оқу ордамыздың белсенді өнерпаздары мен Жастар саясаты бөлімінің қызметкерлері және Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығының қызметкерлері, оқу ордамызда оқитын Түрікменстан азаматтары белсене өнер көрсетіп, жаңа жылдық көңіл-күй сыйлады. Бейнетүсірілім youtube әлеуметтік желілеріне салынды.

03.03.2021 Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған «Әлемнің жарығы-Ана» салтанатты іс-шарасы өтті. Іс – шараға оқу ордамыздың белсенді өнерпаздары, Оқмпу қызметкерлері өнер көрсетті. Сонымен қатар, қонақта қалалық "Үздік" жастар премиясының жеңімпазы, облыстық ән байқауларының лауреаты Әділет Дулат пен Халықаралық байқаулардың лауреаты, «2020 жылдың Үздік жас актрисасы» номинациясының иегері Жұлдыз Мұсаева өнер көрсетті.

18.03.2021 ж 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекесіне арналған Филология факультетінің ұйымдастырумен «Филология Бастанғыға шақырады!» салтанатты іс-шара өтті. Іс – шараға оқу ордамыздың белсенді өнерпаздары қатысты, оқу ордамыздың сайтына, facebook әлеуметтік желілеріне салынды.

23.06.2021ж 28 маусым - Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күніне орай қаламыздың бірқатар журналистері университеттің имиджін көтеруге қосқан үлесі үшін «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне – 80 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапаттау рәсімі өтті.

07.07.2021 ж «ОҚМПУ ТҮЛЕГІ – 2021» диплом тапсыру салтанаты аталып өтті. Оқу орнымыздың үздік бітіруші түлектеріне диплом табыстау үшін Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 1987 жылғы үздік түлегі, Басқарма төрағасы – Ректор, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы салтанатты шараның шымылдығын ашты. Сахнада оқу ордамыздың түлектері қоштасу вальсін билеп өз өнерлерін көрсетті.

SWOT – талдау

| Тәрбие жұмысы және оқу үрдісінде іске асыру нәтижесі | |
|---|---|
| <p>күшті жағы</p> <ul style="list-style-type: none"> – Отансүйгіштік, ҚР халықтарының достығы, әртүрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету рухында тәрбиелеу; – Жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру; – Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру; – Экологиялық, дене мәдениетін, этикалық, құқықтық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыру; – Студенттердің электронды ақпаратты ресурстарға қолжетімділігінің артуы; – Студенттердің халықаралық, республикалық байқауларға белсене қатысуы, жүлделі орындарды иеленуі; – Тәрбиелік іс-шаралардың мақсатты жүргізілуі; – Студенттерге арналған үйірмелердің жұмыс жасауы; – Танымал тұлғалармен кездесулердің тұрақты өткізілуі; – Студенттердің өзін-өзі басқаруы; <p>Студенттерге қолайлы жағдай жасалған жаңа жатақханалардың ашылуы,</p> | <p>әлсіз жағы:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Университеттің имиджін көтеру мәселесіне, БАҚ-тарға мақала жазуда студенттер белсенділігінің төмендеуі; – Жастар ұйымына тартылған студенттер саны жыл сайын көбейгенмен, контингенттің ұлғаюына байланысты пайыздық үлесінің кемуі; |

| | |
|--|--|
| жатақханамен қамтамасыз ету деңгейінің жоғарылауы. | |
| <p>қолайлы жағдайдағы мүмкіндігі: – Студенттерді түрлі қоғамдық іс-шараларға, мәдени-әдеби үйірмелерге белсене қатысуға ынталандыру тетіктерінің болуы; Тәрбиелік іс-шаралар арқылы студенттердің өзін-өзі таныта білу мүмкіндігінің болуы.</p> | <p>қауіпті жағдай: Шетелдік студенттердің ҚР заңдарын жеткілікті білмеуі салдарынан құқықтық сауаттылығының төмен болуы.</p> |
| | |

Ұсыныстар:

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің үлкен мәжіліс залына көркемдік-эстетикалық сән беру, сахна акустикасын дұрыстап, кәсіби стандарттарға сәйкестендіру мақсатында сахна киімін (занавес, кулиса, задник, падуға) толық ауыстыруға және түрлі-түсті жарық беру құралдарын орнатуға ықпал ету.

Мәдениет бөлімінің жұмысын жандандыру мақсатында дыбыс жазу студиясына керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.

Қорытынды: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Мәдениет бөлімі 2020-2021 оқу жылында өз деңгейінде жұмыс жасады. Карантин жағдайына байланысты көп іс-шаралар онлайн өтілді. Жоғарыда көрсетілген ұсыныс, жұмыс сапасы бұдан да жоғарылайтындығына сенім білдіремін.

Мәдениет бөлімінің мәдени іс-шаралар ұйымдастырушысы

Б.А.Шаймова